

**КМКҚ «№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚША»**

**№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС  
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ**

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ  
«№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ**

**ХАТТАМА № 2**

**Откізілетін уақыты:** 30 қараша 2022 жыл

**Педагогикалық кеңестің түрі:** «Іскерлік отырыс»

**Тақырыбы:** «Коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорын байту, шығарманы айттып беру, талдау сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру»

**Мақсаты:** сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру. Дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; кітаптарға қызығушылықты дамыту; белсенді сөздік қорды байту; балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту.

**Педагогикалық кеңеске қатысушылар:** менгеруші, әдіскер, психолог, музика жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер

Алматы-2022 жыл

## I ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі: Мухаметрахимова Ш.А. екінші педагогикалық кеңесті ашық, - деп жариялап күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды. Баланың қауіпсіздігі туралы айтты. Эр топтың инстагарм парақшасының уақытымен жүргізіліп, жаңартып туруларын айтты. Сонымен қатар балабақшада ешқандай мерекеге ақша жинамау туралы қатаң айтты. Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспарлары бекітіліп, циклограмма жазылуда. №2 педагогикалық кеңеске берілген ертегі қойылымдары қатыстым, ұсыныс, ескертулерді айттым, болашақта барлығы ескеріледі, - деп ойлаймын. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітіліп, педагогтармен жұмыстар жүргізілуде. Алтын күз мерекесі де өте жоғары деңгейде өтті. 1-педагогикалық кеңес шешімдері толығымен орындалды, -деп тәрбиешілерге алғыс айтты. Тәрбиешілердің еңбектеріне табыс тілеп сөзін аяқтады. *I-слайд*.

## ШЕШІМ:

Бірінші педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттанарлық деп есептелінсін

## II ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша «Коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы баланың сөздік қорын дамыту» тақырыбында слайд-презентация әдіскер: Ф.Б.Кулджина. *2-слайд*. Сөйлеу тілі баланың барлық қабілетінің: қарым- қатынасқа түсу, тану, білу, меңгеру, танымдық-зerdeлеу және ойын әрекетінің дамуының негізі болып табылады. Бұл байланысты орнатуда баланың сөйлеу тілінің дамуының өзекті мәселесін шешуде мектепке дейінгі ұйым педагогының әрекеті маңызды. Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытудың негізгі міндеті –әр жас кезеңіне сәйкес қалыпты жағдайдағы сөйлеу тілінің дамуы мен ерекшелігін және коммуникативті қабілетін білу керек. Ерте жас кезеңі – баланың барлық психикалық процестерінің дамуының маңызды кезеңі болып табылады, әсіресе сөйлеу қабілеті дамуында. Баланың сөйлеу тілін дамыту ересектермен тығыз байланыс орнатудың нәтижесінде жүзеге асады. Баламен үнемі сөйлесу керек. Сөйлесудің, сөйлеу арқылы қатынасқа түсудің болмауы баланы шаршатып, мазасыз күйге әкеледі. Бала ашуланшақ болып, өзінің көңіл-күйін айқайлау, жылау арқылы білдіреді. Баламен үнемі сөйлесу керек. Сөйлесудің, сөйлеу арқылы қатынасқа түсудің болмауы баланы шаршатып, мазасыз күйге әкеледі. Бала ашуланшақ болып, өзінің көңіл-күйін айқайлау, жылау арқылы білдіреді. -балаларға арналған өлең-шумақтар, тақпақтар, желілі-рөлді ойындар, дыбысты еліктеу арқылы айту ойыны. Бұл ойындар мен жұмыстарды орындау барысында ересектердің сөйлеу тілі, балаға сөзді қимыл-қозғалыс негізінде қабылданап, оны қайталап айтып, сөзді естуімен ерекшеленеді.

-Желілі-рөлді, қимылды-бейнелі ойындарды ойнау барысында, баланың ересектермен эмоционалдық байланысы орнайды. Ойынды ойнау барысында бала ойынды өзі, өз еркімен ойнауды бастайды.

-Дыбысты еліктеу арқылы қайталап айту ойындарында баланың фонематикалық есту қабілеті дамып, белгілі бір дыбысты анық айтуға дайындейдьы.

-Желілі-рөлді ойыншықтармен, белгілі кейіпкерлері бар ойыншықтармен ойнау баланың диалог құруына және сөздік қорының молауына әсер етеді.

-Әдебиеттік шығармаларды оқу және ертегі айту, әңгіме, тақпақтар, жырларды, тарихи оқиғаларды айту.

-Балалар әдебиетінің иллюстративті (мазмұнды) суреттерінің құрылымын қарау, талқылау.

-Заттық және мазмұндық суреттермен ойын сабактарын жүргізу.

-Суреттерді ересектермен қарау барысында балалар, сурет мазмұнымен киіпкерлердің атауымен танысып, қайталап айтып еске түсіреді.

Балаларға суретпен жұмысты ұйымдастырудың маңызды себебі – бала заттың атауын бейнесімен салыстырады және сәйкестендіре отырып, еске сақтайды.

-Женіл жұмбактар жасыру.

-Баланың ұсак-қол моторикасын дамытуға бағытталған ойындарын өлең шумактары арқылы қолдың басы және саусақ кимылымен бірге орындауга болады. Қол және саусақ жаттығуларын жасау, баланың физиологиялық сөйлеу тілінің даму негізін құрайды. Барлық аталған ойындар мен жаттығулар баланың сөйлеу тілінің дамуын жүзеге асырады.

## ШЕШІМ:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту жыл бойы толықтырылып отырылсын.

## ІІІ ТЫНДАЛДЫ:

Ушінші мәселе бойынша іс- тәжірибемен бөлісу.

**Мақсаты:** Балалардың өмірін қызықты да мәнді, шығармашылық қуанышқа толы ету. Әрбір бала дарынды, театр баланың бойына туылғаннан бастап тән нәрсені анықтауға және дамытуға мүмкіндік береді. Театр өнері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін олармен жұмысты неғұрлым тезірек бастасаңыз, соғұрлым жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Осы тақырып бойынша педагогтар да қойлымдар қойды. Тәрбиешілер алдын ала бөлінген бойынша екі топ, еркін тақырыpta монолог оқып, қойылым қойды.

Театр іс-әрекетінде шығармашылық белсенділікті дамыту үшін жағдай жасау (дамушы объектілік-кеністіктік театрлық ортаны ұйымдастыру және жобалау). Сөйлеу мәдениеті мен техникасы бойынша жұмыс, жалпы театр шығармашылық дамудың қолайлы ортасы болып табылады.

## СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

**Тәрбиеші:** Р.К.Абдильдаева театр қойылымы маган ұнады, себебі дайындық барысында қаншама идеялар, ойлар, қиялдарға мүмкіндік болды. Балалар емес өзімізде керемет қызыгушылықпен орындал шықтық. Біздің балабақшамыздың бірінші жылдық қызыгушылықпен орындал шықтық. Біздің балабақшамыздың бірінші жылдық міндеттемесі де осы болтын, баланың сөйлеу қабілетін арттыру. Баланың тілін мақал-мәтел, тақпактар жаттату, ертегі оқып беру, рөлде ойнату арқылы дамытамыз. Біздің бүгінгі қойлымда осы әрекеттердің барлығы да болды.

## ШЕШІМ:

Өткізілген іс-тәжірибе қанағаттанарлық деп есептелінсін

## ІV. ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша тренингке кезек берілді. Психолог: Дарибаева Г.Н. «Білім ханшайымы» тренингін педагогтармен өткізді.

**Мақсаты:** Тренингке қатысушылардың сөздік мағыналы ойлауын, топтық қатынасын, сөйлеу мәнерін дамыту. Әр түрлі кедергіден өту арқылы білім ханшайымы тағына отыру, өзін ханшайым сезіну.

**Барысы:**

1. Сандақшадан әр педагог өз аты-жөнін тауып, арнайы дайындалған бағытқа жапсыру.
2. Сөмкө ішінен кітапты алып қыстыру
3. Хаттамадан мақал –мәтел жазылған қағазды алып, мақал-мәтелді аяқтап жазу.

4. Сандықшадан ақын-жазушылардың өлең жолдары жазылған қағазды алып, мәнерлеп оқып беру.
5. Білім ханшайымы тәжін киіп, «Білім ханшайымы» тағына отырып, суретке тұсу. (белгілі уақыт беріледі педагогтар осы тапсырмаларды орындаپ, улгеруі керек)  
**Қорытынды:** Білім Ханшайымы анықталып, арнайы дайындалған қызыл жолдан қошеметпен жүріп өтеді. Осылайша балабақша «Білім Ханшайымы» анықталады.

#### **ШЕШІМ:**

Психологтың тренинг жұмыстары одан әрі жүргізілсін.

#### **V. ТЫНДАЛДЫ:**

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша «Заттық дамытушы ортага байланысты картотекалар» көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге әр топ, жас ерекшелігіне байланысты жасаған картотекаларын әкелді. Менгеруші көрмені бағалап, педагогтарға осындай жұмыстар әрдайым жалғасын тапсын деген ойын айтты.

#### **ШЕШІМ:**

Ұйымдастырылған көрме қанағаттанарлық деп есептелінсін.

#### **VI. ТЫНДАЛДЫ:**

Бесінші мәселе бойынша педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

## № 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҚ ШЕШІМІ:

1. Бірінші педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттанарлық деп есептелінсін.  
Ескертулерді түзетіп орындалуын қадағалау.

Мерзімі: 1-апта  
Жауапты: әдіскер

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту жыл бойы толыктырылып отырылсын.

Мерзімі: I-жарты жылдық  
Жауаптылар: әдіскер, педагогтар

3. Өткізілген іс-тәжірибе қанағаттанарлық деп есептелінсін

Мерзімі: үнемі  
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

4. Психологтың тренинг жұмыстары одан әрі жүргізілсін.

Мерзімі: үнемі  
Жауапты: психолог

5. Ұйымдастырылған көрме қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мерзімі: үнемі  
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

6. Педагогикалық кеңестің шешімі бір ауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

*Мухаметрахимов Ш.А.*

Мухаметрахимова Ш.А.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

*Ф.Б. Кулджина*

